3	Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру; Бағалау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспары жасалды. Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар: 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VІ Заңы; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы; «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы; «Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімі; Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар); Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы (2021 жылғы 5 қаңтар). Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты «Әділетті Қазақстан экономикалық бағдары» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. Кешенді жоспардың нұсқаулығы Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу,

тәрбиелеу—барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтарымен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дейкеле, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: еңбастысы, аразаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; әйтпесе, басқареформаның бәр ібекер болатындығын нақты атап өтті. **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»**—ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. **Міндеттері:** 1) Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығымен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2) Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақтың, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3) Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4) Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5) Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Қыркүйек – білім айында 1 қыркүйек - Білім күніне орай "Сәлем саған, мектебім!" атты салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиында Мемлекеттік Ту енгізіліп, Гимн орындалды. Алғашқы сөз кезегін мектеп директоры А. Садиров ашып берді. Аудандық білім беру бөлімінің әдіскері Айымқұлов Болат, жергілікті учаскелік полиция инспекторының майоры Ниеталиев Руслан және ардагер ұстаз әрі, қамқоршылық кеңестің төрағасы Қоспан Моряк аға алғаш келген бүлдіршіндерге және ұжымға жылы лебіздерін білдірді. Мектеп табалдырығын аттағалы отырған оқушыларға "Өліппе" табысталды. 1-сынып оқушылары мерекелік құттықтаулары мен сазды бағдарламасын ұсынды. "Алғашқы қоңырау" соғу рәсімі жасалды. 1-11 сыныптың сынып жетекшілер 1 қыркүйек күні " Мектебім-мейірім мекені" тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. 8-қыркүйек күні Қызылорда облысының білім басқармасының Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының 2023 жылдың 5-қыркүйек күнгі №17 санды хатына орай 1-4, 5-9 және 10-11-сыныптарға арналған спорттық жаттығулар кешенінен "Дене сергіту" челленджі өткізілді. 11 қыркүйекте Қазақстан халықтарының тілдер күні апталығының ашылу салтанаты болды. Ашылу салтанатында сөз кезегін алған, мектеп директоры А. Садиров оқушыларды мерекелерімен құттықтап, іс-шараның алдағы жұмыстарына белсенділікпен қатысуға шақырды. Қыркүйек айының 4-і күні 10-11 сыныптар «Тіл ғұмыры» мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету мақсатында ашық тәрбие сағаттар өткізілді. 5-і қыркүйек күні «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу болдырмау» мақсатында бірлескен жоспар жасалды. 11-і қыркүйек күні «Жасай бер, жайна, Қызылордам!» Қызылорда қаласының 205 жыл іс-шара жоспары жасалып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. «Менің Қызылордам!» сурет байқауы. «Мен және менің қалам» фото коллаж жасалды. Сонымен қатар «Алтын дән-2023» дәнді дақылдардан жасалған қол өнер көрмесі өткізілді. Мақсаты: балаларға дәнді дақылдардың пайдасы, құрылымы, түрлері туралы кеңінен мағлұмат беру. Қыркүйек айының 13-і күні «Балалар кітапханасы жобасы» аясында кітапханашы Ж.Байқазақтың ұйымдастыруы-мен «Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында кітапханаға саяхат сабағы жүргізілді. Қыркүйек айының 19-ы күні «Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясаудің туғанына 930 жыл толуына орай конкурса мектебіміздің 8 сынып оқушысы Сағынтай Гүлжайна қатысып ауданнан I орын, облыстық кезең 3 орын иеленді. Жетекшісі И. Әбдіразақ. 28 қыркүйек күні салауатты өмір

салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күресу мақсатында «Ертеңді ойласаң есірткіге жолама» атты тақырыпта 6 -7 сынып оқушылары арасында флешмоб өткізілді. «Адал азамат – Адал еңбек» айдарымен Парламент мүшелері Еңбек ардагері Баймұратов Жәнділда ағадан сұхбат алып қайтты. 29 қыркүйек күні оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайдан қорғалуын жетілдіру, төтенше жағдай туындаған кезде шұғыл көшіруге дайын болуға үйрету мақсатында азаматтық қорғаныс бойынша оқу жаттығу сабағы өткізілді.

Қазан - алаш азаматтарын ұлықтау айы бойынша 1 қазан-Қарттар күні мен 5- қазан Ұстаздар күніне орай «Ұстаз ұлы есім» атты ардагер ұстаздарға арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Мектеп директоры Садиров Әділхан құттықтау сөз сөйлеп, ашып берді. Мектеп оқушылары ән айтып, би билеп, өз өнерлерін ортаға салды. Ардагерлер өздеріне құрмет көрсетіп жатқан оқушыларға, ұжымға ризашылықтарын білдірді. "Тілім - тұмарым" тақырыбында жас импровизатор - ақындарының айтысы ұйымдастырылды. Мақсаты: ұлттық рух пен патриотизмді, өз халқына және оның дәстүрлеріне құрмет сезіміне тәрбиелеу. Аталған іс-шараға 9-11-сынып оқушылары қатысты. Жас ақындарға шығармашылық табыс тілей отырып, оқушылар түрлі деңгейдегі бағамдар бойынша мектеп директорының Алғыс хатымен марапатталды. 5-қазан күні ұстаздар күніне орай "Дублёр күні" өткізілді. Дублёр күнінің мақсаты: мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқаруы, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілетін іске асыру. Дублер күніне қатысушылар мектеп әкімшілігінің ролінде – 11 сынып оқушылары. Мектеп директоры Әлібек Шерхан; директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары - Өмірзақ Сағыныш; директордың бейінді ғылыми әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары – Моряк Мадияр; директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Қоспан Сая атқарды. 5-қазан Ұстаздар күніне орай 5 "б" сынып оқушылары "Ұстаздық еткен жалықпас" атты тәрбие сағатын өткізді. Сынып жетекшісі: Г. Жәли 2-5 қазан аралығында сынып жетекшілер сыныптарына 5 қазан 11 сынып оқушылары Ұстаздар мерекесіне орай "Ұстазым менің Ұстазым!" тақырыбында мерекелік құттықтау ұйымдастырылды. Сынып жетекшісі: Баймусаева Айнұр. «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде мектебімізде Мектеп парламенті президентінің сайлауы болып өтті. Сайлаудың мақсаты мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, оқушылардың көшбасшылық қабілетін ашу. Сайлауға мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалық сайыстардың жүлдегерлері үміткер болып қатысты. Дауыс беру нәтижесінде 9-сынып оқушысы Қайырлап Нұрсұлтан Мектеп парламенті президенті болып сайланды. Қазан айының 6-ы күні 8-11 сыныптың ата-аналары және оқушылары «Қылмыс пен құқық бұзушылық құрамы ұғымы мен мәні» тақырыбында ІІБ-ның қызметкерлерімен кездесу өткізілді. 11 қазан халықаралық «Қыздар күніне» 8-11 сыныптың қыздарына «Қыз қылығымен сүйкімді» тақырыбында қыздар клубының отырысы өтті. Мақсаты: Қыз баласының тәрбиесін, әдемілікті, сұлулықты жаршысы екенін қыз балаларға түсіндіру. 9 қазан «Қауіпсіз мектеп» акциясы 1-4 сыныптарға «Бағдаршам әліппесі», «Қауіпсіз терезе», «Абайлаңыз балақай!», «Мен және менің инспекторым» тақырыптарында сынып сағаттар өткізілді. 25 қазан – Республика күніне орай мектепшілік іс-шара жоспарына сәйкес оқушылар арасында тәлімгер: Ж. Ерішова, ұйымдастырушы педагог: М. Ахметова ұйымдастыруымен «Қыран елім-Қазақстан» тақырыбында мерекелік шара өткізілді. 27- қазан күні Мектеп парламенті президентін ұлықтау рәсімі өткізілді. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Тулебаева фракция мүшелерін таныстырып, мектеп президентін жариялап, мектеп президентінің белгісін тақты.

Қараша – поэзия айы бойынша 1 қараша күні 7-сыныптың сынып жетекшісі Ж. Ерішова ата-аналарын педагогикалық қолдау және позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Даналық мектебінің» жоспарына сәйкес «Анамның сөзі-тәрбие көзі» тақырыбында тренинг өткізді. 2 қараша күні 6 «а»-сыныбына сынып жетекшісі Пірімжар Айымкүл ата-аналарды педагогикалық қолдау және позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Даналық мектебінің» жоспарына сәйкес «Мен және менің анам» тақырыбында сабақ өткізді. Жұмыстың мақсаты: Отбасындағы ата - ана мен бала арасындағы қарым - қатынасты үйлесімді ету, жақсарту. Ата-ана және бала арасындағы сүйіспеншілікті сезіндіру. 3 қараша күні 10-сыныптың ата-аналарын педагогикалық қолдау және позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Даналық мектебінің» жоспарына сәйкес «Балаларды тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі» атты дөңгелек үстел өткізілді. Ұйымдастырушылар: психолог Г. Әлсейітова. 17 қараша күні "Төрт тоқсан-төрт өнер", "Тоғыз айға 9 іс-шара" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының іс-

шаралар жоспарына сәйкес қазақтың ұлттық ойындары "Бес асық" ойнатылды. 19-қараша айының «Темекі шегуге қарсы» күні «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» тақырыбында флешмоб ұйымдастырылды. Қараша айының 22 күні ән-әуез пәнін мұғалімі З. Исалданың ұйымдастырумен «Жас Сарбаз» әсері – патриоттық әндер байқауы өткізілді.

Желтоқсан – «Қазақстан – ұлы дала елі» айы бойынша 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай 1-11 сынып оқушыларына сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын өткізді. 1-4 сыныптар “Тәуелсіздік ел бақытты” және 5-7 сыныптар “Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі”, 8-11 сыныптар «Жеңісмізді Тәуелсіздікке арнаймын» атты тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.. «Біртұтас тәрбие» жоспары аясында 25-28 желтоқсан аралығында 1-11 сыныптарында жаңа жыл ертеңгіліктері өткізілді. Педагог-психолог Әлсейітова Гүлданаидың ұйымдастырумен 9-11 сынып оқушыларына "Құмар ойын- қоғам дерті" тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларға қоғам дерті құмар ойыннан аулақ болуға, алдын алуға кеңестер берілді. Оқушылар пікірлерін айтып, сұрақтарға жауап берілді. Оқушылар арасында ұлттық нышандарды дәріптеу мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Ақпараттық дайджест жоспарына сәйкес «Бұрымды қыз» челленджін 8-9 сыныптар арасында өткізді. Мақсаты: қыз баланың сұлулығы мен мәдениеттілігінің белгісін көрсету.

Қаңтар –ұлттық код айы бойынша "ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН"АКЦИЯСЫ негізінде мектеп парламент мүшелері достық қарым -қатынасты нығайту,қазақ мақал -мәтелдерін насихаттау мақсатында "Бір бауырсақ -бір мақал" айдарын өткізді. №94 орта мектебінде 17 қаңтар мен 17 ақпан аралығында «ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясының жоспарына сәйкес «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты бойынша ән әуез пәнінің мұғалімі Исалда Зағираның ұйымдастыруымен «Дос болайық бәріміз» атты тақырыпта бастауыш сыныптан құралған концерт өткізді. Оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Мақсаты: Оқушылардың әнге деген қызығушылығын арттыру, әншілік қабілетін, талантын сынау. Өнерге біртабан жақындату. «Біртұтас тәрбие» аясында 2024 ж технология пәнінің мұғалімі Н. Асановтың ұйымдастырумен 1-4 сыныптар арасында «Қалдықтарды табысқа айналдырайық » тақырыбында қалдық заттардан әртүрлі бұйымдар жасауды оқушыларға үйретті. Қаңтар айының 11-і күні «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында 8-11 сыныптың қыз балаларына «Қыз намысы-ұлт намысы» атты жиналыс болып өтті. Қаңтар айының 12-і күні кітапханашы Ж. Байқазақтың ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушыларына Туған өлке ақындарының шығармалары туралы өткізді. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» сайысынан 5сынып оқушысы Нұралы Мансур II орын иеленді. Жетекшісі Қалиева Шаттық. 24-қаңтар ДТЖЖО А. Тулебаеваның ұйымдастыруымен 7-11 сынып оқушыларына Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы жиналыс өткізілді. **Ақпан-оқуға құштарлық айы бойынша** Ақпан айының 7-і күні «Балалар кітапхансы жобасы» аясында 1-11 сыныптар арасында «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді. 8 ақпан күні ұйымдастырушы педагог М. Ахметованың ұйымдастырумен 8-11 сыныптың оқушыларына «Поэзияның асқар шыңы Мұқағали» атты іс-шара өткізілді. 16 ақпан күні 1-4 сыныптар арасында «Мен және менің полицейім», 5-7 сыныптар арасында «Сен өз құқығыңды білесің бе?», 8-11 сыныптар арсында «Сен және Заң» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. 20ақпан күні педагог-психолог Г. Әлсейітованың ұйымдастыруымен 5-11 сыныптарға Кибербуллинг, Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету туралы жиналыс өткізді.

Наурыз-ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы бойынша 1 наурыз Алғыс айту күніне 1-11 сыныптың сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын өткізді. Сонымен қатар оқушылар өздерінің ұстаздарын және техникалық қызметкерлерді азанда алғыстарын айтып, қарсы алды. Мектеп ішкі мерекеге сай безендіріліп, керемет көңіл-күй сыйлады.

6 наурыз күні «Психология әлеміндегі мен» және «Инклюзивті білім – келешек кепілі» атты апталықтың жоспарына сәйкес үшінші күн «Ұлттық құндылық-ұлт болмысы» деп аталды. Наурыз айының 6 күні тәлімгер Ж. Ершованың және 1-11 сыныптардың оқушыларының ұйымдастыруымен «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады» атты мерекелік іс-шара өткізілді.Іс-шараға ардагер ұстаздарымыз келіп қатысты. Ардагер ұстаздарымызға арнайы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Алғыс хаты» табысталды. Оқушылар сұрақтар қойып, өз өнерлерін ортаға салды. Барша жанға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Іс-шара өте жақсы деңгейде өткізілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» кешенді жоспарына сәйкес «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына орай 14-наурыз – «Көрісу күні – Амал мерекесі» аясында оқушыларды қазағымыздың салт-дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге

құрмет, кішіге ізет көрсетуге, сыйластыққа баулу мақсатында «Бірлігі мен тірлігі үйлескен Амал күні» тақырыбында және Наурыз мерекесіне арналған тәрбие сағаттары барлық сыныпта өткізілді. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай және 15 наурыз «Қайырымдылық» күніне байланысты балалардың жазғы демалысын қызықты әрі тиімді өткізу мақсатында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры «QH жаздық жолдама -2024» қайырымдылық жобасы бойынша жазғы демалыс жолдамасын Аранды ауылдық округінің әкімі Қайруллаев Маулен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Тулебаева тапсырды. "НАУРЫЗ ДУМАН" мерекелік челленджіне "Домбыра" үйірмесінің мүшелері "Келіншек" күйін орындады. 16 наурыз-Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай 1-11 сынып аралығында сынып жетекшілер сыныптарына тәрбие сағаттарын өткізді. 3 «а» сыныбына сынып жетекшісі: Медеубай Баршагүл «Наурыз жылы басы» және 4 «б» сыныбына сынып жетекшісі: Кәрібай Гүлбану «Қош келдің, Өз Наурыз!» атты тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеді. Оқушылар ән айтып, би билеп, өз өнерлерін ортаға салды. Ата-аналар ұмытылып бара жатқан тағамдардың жасалу жолдарын түсіндіре отырып, алдарына ұсынды. 19 наурыз – Жаңару күніне орай мектеп ұжымы мен білім алушылар өз үлестерін қосты. Мезгілдің басын көшет отырғызып, айналаны қоқыстан тазартып, тазалық жұмыстары жүргізілді. 20 наурыз - «Ұлттық спорт күні» «Наурызнаманың» онкүндігі аясында әр күн түрлі тақырыптарға арналғаны белгілі. Осыған сәйкес, 20 наурыз - Ұлттық спорт күні болып бекітілді. Ұлттық спорт күніне орай, іс-шаралар өткізілді. 20 наурыз күні мектеп ұжымы Наурыз мерекесін биыл ерекше атап өтті. Әр бірлестік ұмытылып бара жатқан салт – дәстүрді, әдет - ғұрыпты, ұлттық тағамдарды насихаттады.

Сәуір-экологиялық мәдениет айы бойынша 1сәуір "Құстар күніне" орай мектеп парламент мүшелерінің жоспарына сәйкес "Құстар біздің досымыз" атты шара өткізілді. Оқушылар мектеп ауласына өз қолдарымен жасаған ұяларын ілді. 9 сәуір күні денешынықтыру пәнінің мұғалімі А. Төлешовтың ұйымдастырумен «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Шахмат» ойыны өткізілді. 8-11 сынып оқушыларымен учаскелік полиция қызметкері Ниеталиев Руслан және ДТЖЖО А. Тулебаева жиналыс өткізді. Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу. Көктемгі каникул кезіндегі іс-шара жоспарына сәйкес 27 наурыз күні "Дарын" дебат клубының мүшелерімен "Лудомания - болашақтың дерті" тақырыбында мектепшілік пікірсайыс өткізілді. Пікірсайысқа қатысушылар өзекті проблемаларды талқылады. "Төрт тоқсан – төрт өнер" жобасы аясында "Туған өлкем" фестиваліне арналған іс - шаралар жоспары аясында 3 сынып оқушылары «Туған жер, туған өлке» тақырыбында мәнерлеп өлеңдер оқыды. Пән мұғалімі П. Әлмаханова Мақсаты: оқушыларды белсенді азаматтық ұстанымын дамыту, отансүйгіштік пен азаматтық сезіміне тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау. «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының тұжырымдамасы негізінде төртінші тоқсан «Туған өлкем» фестивалі жоспарына сай «ЕКО-BOLASHAK» абаттандыру, көгалдандыру экологиялық акциясына биология пәнінің мұғалімі Л. Жәнділа 8 сынып оқушыларымен мектеп ауласына тазалық жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: оқушыларды табиғатты аялауға, еңбекке баулуға, экологиялық мәдениеттерін арттыруға тәрбиелеу. "Zhasyl El" жобасы аясында қалалық орта экологиясы, әлеуметтік экология, адам экологиясы - ауаның ластауы, көлік, көгалдандыру мәселерді шешу мақсатында биология пәнінің мұғалімі Т. Асанов 8 - 11 сынып оқушылары арасында "Табиғатты аялайық" тақырыбында жоба қорғау жұмысын өткізді. Мақсаты: Туған өлкенің өсімдіктері мен жануарларын тануға үйрету. Өмір сүретін барлық нәрсеге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Денешынықтыру пән бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 12 сәуір күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы" "Тоғыз айға тоғыз шара" жобасы аясында мектеп оқушылары арасында "Шахмат және тоғызқұмалақ-ұлтымыздың ақыл-ой спорт түрі" атты челлендж өткізілді. 26 сәуір күні «Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем-жақсы адам» атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

Мамыр-бейбітшілік пен татулық айы бойынша "1 Мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні" мерекесі аясында Қазақстан халқының бірлігін нығайту, жастарды достық пен ынтымақтастықта өмір сүруге тәрбиелеу, оқу сауаттылығын арттыру мақсатында 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. 3 мамыр күні Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың "Таза Қазақстан" экологиялық акциясын қолдау мақсатында "Таза Қазақстан" акциясы аясында 11 сынып оқушылары арасында "Түлектердің ағаш егу" челленджі өткізілді. мектеп парламентінің президенті 9 сынып оқушысы Қайырлап Нұрсұлтан 12 мамыр –Аналар күніне орай ауылымызда

жалғыз тұратын Қанзира анамызды арнайы мерекесімен құттықтап, сый сияпат көрсетіп, батасын алып қайтты. 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай 1-11 сыныптарға сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын өткізді. Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. Мақсаты: Аналар мерекесі қарсаңында асыл аналарды құттықтау, оқушылардың бойына адамгершілік деген асыл қасиетті сіңіру, мейірімділікке тәрбиелеу. Мамыр айының екінші жексенбісі – Аналар күні мерекесі болып белгіленіп, ресми мереке ретінде бекітілді. Осыған орай 5 сынып оқушылары және 6 «б» сынып оқушылары сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен оқушылар аналарына ізгі ниеттерін ақ тілектерін арнайы мерекемен құттықтап, өздерінің аналарына деген құрметін хатпен жеткізді. Мақсаты: оқушыларға 12 мамыр – Аналар мерекесі туралы түсінік беру. Ана еңбегін ардақтай білуге, аналарға құрмет көрсете білуге, мейірімділікке тәрбиелеу. 20 мамыр күні жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысты мектеп директоры Садиров Әділхан жүргізді.

Жиналыста қаралған мәселелер:

- Баланың түнде беймезгіл жүрмеуі
- Топтық төбелестің алдын алу
- Мопед, скутер айдауы
- Ұялы телефонда алаяққа алданып қалмаудың алдын алу
- Жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік ережесін сақтауы (суға шомылу және т.б.)
- Буллинг, кибербуллинг
- Суицидті болдырмау

Жиналыста жоғарыда айтылған мәселелер айтылып, ата-аналар тарапынан пікірлер тыңдалып, бала тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілікті барынша арттыру сұралды және ата-аналарға қажетті кеңестер берілді.

Қазалы ауданы, Жанқожа батыр ауылы N94 орта мектебінде мектеп кітапханашысымен Жас ұлан ұйымының "Кітап оқы, ойға тоқы, Жас ұлан" жылдық акциясының жоспарына сәйкес Ілияс Жансүгіров туғанына 130 жыл толуына орай өмірі мен шығармашылық жолына шолу, жастарға Ілияс еңбектерінің маңыздылығын көрсету мақсатында таным сағаты өткізілді. Қазалы ауданы, Жанқожа батыр ауылы N94 орта мектебінде Жас ұлан ұйымының және мектеп Парламентінің қатысуымен "Кітап оқы, ойға тоқы, Жас ұлан" жылдық акциясының жоспарына сәйкес "Бір отбасы-бір кітап" акциясы ұйымдастырылды. "Төрт тоқсанға - төрт өнер" ұлттық мәдени - ағартушылық жобаның тұжырымдамасының "Туған өлкем" фестивалі аясында тарих пәнінің мұғалімі Б. Асанов 10 сынып оқушылармен "Туған өлкем - тұнған тарих" атты тарихи орындарға зерттеу жұмыстарын жүргізді.

"Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығы" жұмысы бойынша 27 қыркүйек күні ата - аналар жиналысы өткізілді. II ауысымда да сынып жетекшілерге мектеп бойынша. "Даналық мектебі" құрылды. "Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығын" және "Даналық мектебін" құру туралы әдістемелік көмек жүргізілді. Орталық қызметі туралы педагогтерге мектебіміздің педагог-психологы Г.Әлсейітова түсіндірме жұмысын жүргізді. 10 қараша күні 4-сыныптың ата-аналарын педагогикалық қолдау және позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Даналық мектебі» аясында «Әжелер мектебінің» №1 сабағын немерелерімен бірге «Менің әжем керемет» тақырыбында таным сағатын бастауыш сынып мұғалімі М. Тоқтабаева өткізді. Мақсаты: Әженің немере арасындағы сыйластықты, сүйіспеншілікті, қарым-қатынасты нығайтуға, халқымыздың игі-дәстүрлерінің қадірін біліп, бағалауға тәрбиелеу. 9 қараша күні 8 - сыныптың ата-аналарына педагогикалық қолдау «Даналық мектебі» аясында «Аталар мектебі» сабағын ұл-қыздарымен бірге «Ата сөзі-ақылдың көзі» тақырыбында сынып жетекшісі: Ершова Жанар таным сағатын өткізді. Жұмыстың мақсаты: Ата немере арасындағы сыйластықты, сүйіспеншілікті, қарым-қатынасты нығайтуға. 7 қараша күні 7 -сыныптың қыз балаларына « Жеңелер мектебінің» сабақтарын өткізу «Қыз-қылығымен көркем» тақырыбында сынып жетекші Пірімжар Айымкүл танымдық сағатын өткізілді. Жұмыстың мақсаты: Жеңгесімен сыйластықты, сүйіспеншілікті, қарым-қатынасты нығайтуға 13 қараша күні 11-сыныптың ата-аналарын педагогикалық қолдау және позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Даналық мектебі» аясында « Аналар мектебінің» сабағын ұл-қыздарымен бірге «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында таным сағатын сынып жетекшісі: қалиева Шаттық өткізді.

«Дарын» дебат клубы бойынша 11.09.2023 жылы "Көп тіл білу қажет пе?" бірлестігінің ұйымдастыруымен тілдер апталығы аясында "Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте" атты

тақырыбында «Самұрық» дебат клубының жетекшісі Құрманәлі Бағила 9-10 сынып оқушыларына пікірталас өткізді. Пікірталаста "Болашақ" және "Бастау" тобы қызықты ойын көрсетіп, "Болашақ" тобының лидері мен спикері Қайырлап Нұрсұлтан жеңіске жетті.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында іс – шара жоспары әзірленген. Жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізілген. Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының көшпелі отырысы өткізілді. Көшпелі отырысқа аудандық аурухананың орынбасары Әбіл Күншығар Әбілұлы, Қазалы аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювеналды полиция тобының инспекторы, полиция майоры М. Бегалиева, «Қазалы ауданының білім бөлімінің жалпы білім беретін кешкі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Қартқожақ Жора Қартқожақұлы, Жанқожа батыр ауылының дәрігерлік амбулаториясы меңгерушісі Қожабаева Гүлзат, Акушер Төлешова Салтанат қатысты. Көшпелі отырысты аудандық аурухананың орынбасары Әбіл Күншығар Әбілұлы ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып, құқықбұзушылықтың алдын алу туралы айтты. 8-20 қараша аралығында «Қатыгездіксіз пен зорлық-зомбылықсыз» балалық шақ ақпараттық науқанын өткізу жөніндегі іс-шара жоспары жасалды. Іс-шара жоспарына сәйкес бала құқықтарын қорғау жөнінде құқық қорғау қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылды. 27 желтоқсан күні 1-11 сыныптарға ата-аналар жиналысы өткізілді. ДТЖЖО: А. Тулебаева және сынып жетекшілерге төмендегідей түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жиналыста оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, каникул күндеріндегі су, мұз, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мереке күндерінде пиротехникалық құралдарды қолдануға тыйым салу мен кәмелетке толмағандардың түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілінсіз жүру, нашақорлық, буллинг, зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері айтылды. БАҚ арқылы да ескертпелер таратылды. Қаңтардың 15-19 аралығында 1-11 сыныптың ата - аналарына сынып жетекшілері кезекті жалпы ата-аналар жиналысын өткізді. Сынып жетекшілер өз сыныптарына ата-аналарға қолайлы орта туғызу мақсатында тренингтер өткізді. ІІ оқу тоқсанының қорытындысына тоқталды және ағымдағы мәселелер қарастырылды. Жиналысқа пән мұғалімдері де қатысты. Ата-аналар сұрақтарына тұщымды жауаптар алды. 8-11 сынып оқушыларымен учаскелік полиция қызметкері Ниеталиев Руслан және ДТЖЖО А.Тулебаева жиналыс өткізді. Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу. 20 мамыр күні жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысты мектеп директоры Садиров Әділхан жүргізді. Жиналыста қаралған мәселелер:

- Баланың түнде беймезгіл жүрмеуі
- Топтық төбелестің алдын алу
- Мопед, скутер айдауы
- Ұялы телефонда алаяққа алданып қалмаудың алдын алу
- Жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік ережесін сақтауы (суға шомылу және т.б)
- Буллинг, кибербуллинг
- Суицидті болдырмау

Жиналыста жоғарыда айтылған мәселелер айтылып, ата-аналар тарапынан пікірлер тыңдалып, бала тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілікті барынша арттыру сұралды және ата-аналарға қажетті кеңестер берілді.

«Сымбат» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 11 қазан халықаралық «Қыздар күніне» орай «Қыз қылығымен сүйкімді» қыздар ұйымының жиналысы өткізілді. Мақсаты: қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз бала гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға үйрету; өз бойларын, ойын дәрекіліктен сақтандыру; қыздарды инабатты қыз болып өсуге баулу. 8-11 сыныптың қыздарына директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А. Тулебаева және қыздар ұйымының жетекшісі И. Әбдіразақ ұйымдастыруымен жыл бойы жоспарға сәйкес жұмыстар жүйелі жүргізілген.

«Жігер» ұлдар ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес тоқсан сайын ер балаларға жиналыс өткізілді. Жиналыстарда директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А. Тулебаева және ұлдар ұйымының жетекшісі А.Қожаниязов түсіндірме жұмыстарын және тренингтер жүргізді.

Сынып жетекшілер жұмысы бойынша 16-26 қазан аралығында «Өскелең ұрпақтың дара жолы» атты сынып жетекшілер онкүндігінің жұмыс жоспарына сәйкес жалпы білім беру ұйымдарында балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау

мақсатында 23 қазан күні 4 «А» сыныбына сынып жетекшісі Медеубай Баршагүл «Бала - ата-ана айнасы» тақырыбында ата-ана және оқушымен жұмыс өткізді. 24 қазан күні 10 сыныптарға сынып жетекшісі Сердалиева Қалдыгүл «10 - сынып көшбасшылары» зияткерлік сайысын өткізді. 9 «а» сыныбына сынып жетекшісі Қалиева Шаттық «Бала - ата-ана айнасы» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізді. 24 қазан күні 6 сынып жетекшісі Жәнділда Ләззат «Отбасы тәрбиенің ұясы» ата-ана және оқушымен жұмыс өтті.

Бағалау нәтижесі: 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2024-2025 оқу жылына арналған кешенді жоспары жасалды. №194 30.07.2024 жыл. Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар: 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы; «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы; «Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімі; «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйек Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады. Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді. Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді. «Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады. Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді. Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы

тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық
бірлік және ынтымақ
әділдік және жауапкершілік
заң және тәртіп
еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады. Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:
отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:
елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:
басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Қыркүйек-еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы бойынша

Дәйексөзі: I апта «Білім-қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» Мұзафар Әлімбаев
II апта «Жанұям-қорғаным, ата-анам-тірегім!». III апта «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбаев. IV апта «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» I қыркүйек - Білім күніне орай "Мектебім-мейірім мекені!" атты салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиында Мемлекеттік Ту енгізіліп, Әнұран орындалды. Алғашқы сөз кезегін мектеп директоры Садиров Әділхан ашып берді. Жергілікті учаскелік полиция инспектор Ниеталиев Руслан және ардагер ұстаз әрі, қамқоршылық кеңестің төрағасы Қоспан Моряк аға және ата-аналар комитетінің төрағасы Бәлкеев Мұратбек аға алғаш келген бүлдіршіндерге және ұжымға жылы лебіздерін білдірді. Мектеп табалдырығын аттағалы отырған оқушыларға "Әліппе" табысталды. 1-

сынып оқушылары мерекелік құттықтаулары мен сазды бағдарламасын ұсынды. "Алғашқы қоңырау" соғу рәсімі жасалды. 1-11 сыныптың сынып жетекшілері 2 қыркүйек күні " Менің Отаным Қазақстан!" тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттарын өткізді. 26 тамыз-6 қыркүйек аралығында «Абайлаңыз балалар» атты акция аясында мектептің 7 сынып оқушыларынан құралған ҚЖИ жасағы бастауыш сынып оқушыларына жол белгілеріне байланысты түсіндіру жұмыстарын, балалардың жол көлік жарақаттанудың алдын алу, көшелерде қауіпсіз жүріп-тұру дағдыларын нығайту мақсатында сынып сағатын өткізді. 3 қыркүйек күні дебат клубының жетекшісі Құрманәлі Бағиланың ұйымдастыруымен 10-11 сыныптар арасында "Жасанды интеллект және сандық этика" атты республикалық пікірсайыс турнирінің мектепшілік кезеңі өтті. Іріктеуден өткен команда аудандық кезеңге жолдама алды. Қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күніне» орай барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күніне» орай 5 қыркүйек күні МДТЖЖО А.Түлебаева ұйымдастыруымен «Қыз тәрбиесі- Ұлт тәрбиесі» тақырыбында 8-11 сыныптың қызбалаларына қыздар жиналысы болып өтті. Жиналысқа ардагер ұстаз, ауылымыздың әйелдер кеңесінің төрайымы Ерімбетова Сәнімкүл апай және мектеп мейіркеші Әли Гүлнар апай қатысты. Сәнімкүл апай өзінің қазіргі таңдағы қызбалаларға кеңес беріп, ойымен бөлісті. Мектеп мейіркеші қызбалалардың гигиеналық тазалыққа көп мән беру керек екендігін ескертті. Біртұтас тәрбие жұмысын ұйымдастыру мақсатында сынып жетекшілер арасында әдістеме бірлестігінің отырысын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Түлебаеваның ұйымдастыруымен өткізілді. 9-13 қыркүйек аралығында 1-11 сыныптарға сынып жетекшілер «Жол қауіпсіздігі» тақырыбында сынып сағаттарына кіріктірілген қауіпсіздік сабағын өткізді. 16-23 қыркүйек аралығында 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне арналған «Тілім менің ғасырларға аманат» 1-11 сыныптарға сынып жетекшілер тәрбие сағатын өткізді. 1-11 сыныптарға «Көркем жазу - өнер» тақырыбында көркем жазу сайысы өткізілді. Кітапханашы Ж. Байқазақ «Тіл –халық қазынасы» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырды. 23 қыркүйек күні футболдан «Сыр лигасы» облыстық сайысының мектепшілік кезеңі өткізілді. Сайыс 8-10 сынып оқушыларының аралығында өткізілді. Сайысқа 3 команда қатысты. Сайыс тартысты, қызықты, тартымды өтті. Сайыс қорытындысында бір команда жасақталып, аудандық сайысқа жолдама алды. 8-10 сынып оқушылардың арасында мобиллография саласын дамыту, видео түсіруге қызығушылығы бар жастардың әлеуетін көтеру, шығармашылық туындыларын шыңдау мақсатында мобиллография байқауы өткізілді. 16-21 қыркүйек аралығында 1-11 сыныптарға сынып жетекшілер «Буллингтен қорған» тақырыбында сынып сағатында қауіпсіздік сабағын өткізді. 23-27 қыркүйек аралығында 1-11 сыныптарға сынып жетекшілер «Еңбек түбі береке» тақырыбында сынып сағаттарына кіріктірілген қауіпсіздік сабағын өткізді.

Қазан айы. Құндылық: «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы бойынша Дәйексөзі: I апта «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»

II апта «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!». III апта «Отанды сүю – отбасынан басталады!». IV апта «Отаным алтын бесігім!»

1 қазан Қарттар мерекесіне орай сынып жетекшілер сыныптарына тәрбие сағатын өткізді. 3 қазан күні Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 8-10 сынып қыз балаларының арасында сыр лигасының жоспарына сәйкес «Ана тілі аруы-2024» байқауы өткізілді. Байқаудың нәтижесі бойынша бас жүлдені 9 сыныптың аруы Әділбек Несібелі, I орынды 10 сыныптың аруы Зейнулла Перизат, II орынды 9 «б» сыныптың аруы Серғалиева Аяжан өзара бөлісті. 5-қазан күні-Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстазым, ұлағатым, үлгі өнегем» тақырыбында 11 сынып оқушылары ардагер ұстаздарға құрмет көрсетіп, кеш өткізді. Ұстаздар мерекесіне орай «Даналық ұстаздан» челленджі өткізілді. 9 қазан күні 25 - қазан Республика күніне орай өтілетін іс – шаралар жоспарына сәйкес 7 «а» сыныптың сынып жетекшісі Пірімжар Айымкүл және 4 «а» сыныбына Медеубай Баршагүл мен 4 «б» сыныбына Кәрібай Гүлбану тәрбие сағаттарын өткізді. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 1-10 сыныптар арасында «КҮЗГІ АСАР» жәрмеңкесі өткізілді. Бұл шараға сынып жетекшілер, ата-аналар, оқушылар белсене қатысты. «Күзгі асар» акциясы өткізілді. 14-19 қазан аралығында «Жанқожа батырдың есімін ұлықтау-ұрпақ парызы» атты апталықтың іс-шара жоспарына сәйкес «Жанқожа Нұрмұхамедұлының туғанына-250 жыл» толуына орай мектепшілік дебат өткізілді. «Сыр лигасы» жоспарына сәйкес 16 қазан күні 8-10 сыныптардан құралған

ер балалар арасында «Жігіттердің сұлтаны» өткізілді. Жігіттер таныстыру, қойылым қою, арқан тарту, кір тасын көтеруден сайысқа түсті. I орынды 9 «б» сынып; II орынды 9 «а» сыныбы; III орынды 8 «а» сыныптары иеленіп, ынталандыру 8 «б» сыныпқа табысталды. 16 қазан күні жасөспірімдер арасында ұлттық ойын ләңгі тебуден «LANGI FEST» мектепішілік жарыстың I кезеңі өткізілді. Оған 8-10 сыныптың ербалалары қатысты. 21-24 қазан аралығында 25-қазан Республика күніне орай 1-11 сыныптарға сынып жетекшілер «Республикам –мақтанышым!» тақырыбында сынып сағаттарын және 10 минуттық қауіпсіздік сабағын өткізді. 24 қазан күні 25 қазан – 3 қараша аралығындағы күзгі каникул кезінде жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Күзгі каникул кезінде жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес 1-11 сыныптар арасында «Күзгі көрме» ұйымдастырылды. Оқушылар өте белсенді атсалысты. Күзгі көрмеге белсене араласқан оқушылар марапатталды. 29 қазан күні мектеп психологі «Буллингтен қорған» тақырыбында 5 сыныптарға психологиялық тренинг өткізді. 29 қазан күні 2024-2025 оқу жылындағы Біртұтас тәрбие бағдарламасының I тоқсан бойынша жүргізілген жұмыстардың орындалуы туралы сынып жетекшілер арасында әдістеме бірлестігінің кезекті II отырысын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Сейітованың ұйымдастыруымен өткізілді. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында күзгі каникуль кезінде 8-10 сыныптар аралығында «Алтын күз» сайысы өткізілді. Мектеп кітапханашысы: Ж. Байқазақ ұйымдастыруымен "Балалар кітапханасы" жобасын іске асыру аясында "Демалыста кітап оқимыз" мектепішілік оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын ояту мақсатында оқушыларға түрлі қызықты кітаптар ұсынылды. 4 "б" сынып оқушысы Ербол Санжар "Қазақ ертегілері", 4а- сынып оқушылары Тәжедин Айман "Қазақ ертегілері", 4 «б» сынып оқушысы Аманкелді Сұлтан "Бал бұлақ" ертегі кітаптарын оқыды. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаланып көркем әдебиет оқуға, соның ішінде ертегілерді оқуға ынталандыру. Күзгі каникул кезінде жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес «Музейге саяхат» тақырыбында 5 «а» сыныптың сынып жетекшісі: Г. Алпысбай 5 «б» сыныптың сынып жетекшісі: А. Баймусаева және ұйымдастырушы педагог М. Ахметова ұйымдастыруымен Ғани Мұратбаевтың Мемориалдық Музейіне сонымен қатар Жанқожа батырдың кесенесіне саяхат жасады. Оқушылар күзгі демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында музейге саяхат жасап, Ғ.Мұратбаевтың өмірі мен қоғамдық қызметі және өлке тарихына арналған залдармен танысты.

Қараша айы, Құндылық: «Әділдік және жауапкершілік» айы бойынша Дәйек сөзі: I апта «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!» II апта «Тура биде туған жоқ!» III апта «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі» IV апта «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»

4-8 қараша аралығында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының №2 сабағын 3 сынып жетекшісі Өмірзақ Шынар «Дұрыс тамақтану әдебін құру» тақырыбында сабағын өткізді. 5-9 сыныптарға Жәнділда Ләззат, 10-11 сыныптарға Тоқмамбетова Тұрсынқұл өткізді. 4-8 қараша аралығында «Адал адам, адал еңбек, адал табыс» тақырыбында 1-11 сыныптарға сынып жетекшілер сынып сағаттарымен бірге 10 минуттық қауіпсіздік сабағын өткізді. «Мектеп театры» жобасы бойынша «Ертегілер елінде» атты қуыршақтар қойылымы өткізілді. 4-8 қараша аралығында мектебімізде жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. 12- қараша күні кезекті қыздар жиналысын ДТЖЖО: А.Түлебаева өткізді. 14 қараша күні 9 «а» сыныбына сынып жетекшісі Ш. Қалиева және 10 сыныптың жетекшісі Сердалы Қалдыгүл «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізді. Сонымен қатар мектеп оқушыларының акцияға қатысты суреттер салды.

"Нашақорлыққа қарсы бір айлық" акция аясында атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-11 сынып аралығындағы сыныптарға сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді. «Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция» аясында атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-11 сынып аралығындағы сыныптарға сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді. Кезекті тәрбие сағатын 15 қараша күні 8 «б» сыныбына сынып жетекшісі Б.Құрманәлі «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында өткізді, ДТЖЖО: А. Түлебаева оқушыларға «Есірткісіз өмір ғажайып!» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар мектеп мейіркеші: Г.Әли оқушыларға насыбайдан, темекіден аулақ болуға шақырды. «Нашақорлық-ауыр індет» тақырыбында баяндама оқыды. 19 қараша күні 8-11 сынып оқушыларына «Закладка» деректі фильмі көрсетілді. 20 қараша

күні 8-10 сыныптар арасында «Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция» аясында атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес өскелең ұрпақты салауатты өмір салтын ұстануға, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу және жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өкізуге шақыру мақсатында "Біз салауатты ұрпақпыз" ұранымен флешмоб өткізілді. «Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция» аясында атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп парламенті мүшелері «Нашақорлыққа жол жоқ!» челленджін жолдады. 20 қараша күні "Есірткіге жол жоқ! Біз спортты таңдаймыз!" көңілді старт ойындары өткізілді. 26 қараша күні І ауысымда директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Түлебаева «Авариялық жағдайлар және оқыс оқиғалар бойынша жаттығулар» бойынша оқу-жаттығуы өткізілді. Барлық оқушылар мен қызметкерлерге мектеп эвакуацияланғандығы туралы баяндалды. Мектеп ұжымы мен оқушылар түгел белсене қатысты. Дайындық сабағы өз деңгейінде өткізілді. 29 қараша күні дебат клубының жетекшісі Құрманәлі Бағила ұйымдастыруымен 9 сыныптар арасында "Көк түтінге тұншыққан ұрпақ" зиянды әдеттерден алыс болудың тиімді механизмін ұсынады атты тақырыбында мектепшілік пікірсайыс өткізілді.

Желтоқсан айы.Құндылық:«Бірлік және ынтымақ» айы бойынша Дәйек сөзі: І апта «Бірлігі күшті ел озады» ІІ апта «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» ІІІ апта «Бірлік болмай тірлік болмас» ІV апта «Ынтымақ бұзылмайтын қорған»

6 желтоқсан күні «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында флешмоб өткізілді. 8 желтоқсан күні ІІ ауысымда оқитын оқушыларға Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А. Түлебаева 5-7; 2-3 сыныптарға табиғатта болатын төтенше жағдайлар бойынша кезекті тәжірибелік жаттығулар жүргізіліп, түсіндірме жұмыстары өткізілді. Оқушыларға төтенше жағдайларда болуы ықтимал апат оқиғаларында өздеріне, төңіректегілерге жәрдем көрсете білудің қарапайым жолдары түсіндірілді, азаматтық қорғаныс туралы жалпы мағлұмат берілді. Білім алушыларының «Жас Ұлан» ұйымының тәрбиелік іс – шаралар жоспарына және Біртұтас тәрбие жоспары аясында мектептің өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары "Жетістігімді еліме арнаймын!" челленджіне өз үлестерін қосты. 11 желтоқсан күні 8 «а» сыныбына сынып жетекші: Ж. Ерішова «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» тақырыбында акция өткізді. 11-13 желтоқсан аралығында «Полицей дос және қорғаушы» имидждік акция барысында 12 желтоқсан күні ауылымыздың учаскелік полиция қызметкер Ниеталиев Русланмен кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушыларға бейнероликтер көрсетілді. Қоғамдық орындарда және көшелерде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде мінез-құлық қағидалары (жолда жүру ережелері), лудомания жайлы түсіндірілді. 13 желтоқсан күні мектеп кітапханашысы Ж. Байқазақтың ұйымдастыруымен "Балалар кітапханасы" жобасы аясында "Әжем айтқан ертегі" тақырыбында іс-шара өткізілді. 9-13 желтоқсан аралығында 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 1-11 сыныптарға сынып жетекшілер «Тәуелсіздік - ел мұраты» тақырыбында сынып сағаттарын және 10 минуттық қауіпсіздік сабағын өткізді. 19 желтоқсан күні 3 «а» сыныбына сынып жетекшісі: Өмірзақ Шынар «Буллингтен қорған» тақырыбында сынып сағаты А. Түлебаеваның ұйымдастыруымен 4 сынып оқушыларына «Интернет кітапты алмастыра ала ма?» тақырыбында дебат өткізілді. 23 желтоқсан күні «Біз темекі шегуге қарсымыз!» «Еркін дем ал!» тақырыбында мектеп парламент мүшелері флешмоб өткізді. 23-желтоқсаннан бастап мектеп ұстаздарына, ата-аналарына, оқушыларына Бейсен Құранбектің идеясымен түсірілген«Ұстаз» фильмі көрсетілді. 23-28 желтоқсан аралығында 1-11 сынып оқушыларына арналған "Қош келдің, Жаңа жыл!" тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. 28 желтоқсан күні 2024-2025 оқу жылының 30 желтоқсан-8 қаңтараралығындағы қысқы каникул кезінде жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Мектеп кітапханашысы: Ж. Байқазақтың ұйымдастыруымен «Балалар кітапханасы бағдарламасы» және «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың қысқы демалысын тиімді өткізу, дүниетанымын кеңейту, кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында "Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз" тақырыбында оқушылардың демалыс уақыттарын тиімді пайдаланып, үй жағдайында кітап оқу жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушылар өздері оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен бөлісе отырып, басқаларды да кітап оқуға шақырды. Қысқы каникул кезінде жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес білім алушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Қожаниязов Алпамыс пен Төкеш Саянның ұйымдастыруымен мектеп оқушыларына спорттық және ұлттық ойындар өткізді. 6 қаңтар

күні «Қыс қызығы тамаша» тақырыбында мектеп тәлімгері Ж. Ерішова ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушыларына суретшілер байқауын өткізді. Үздік деп танылған оқушылар марапатталды. «Дарын» дебат клубының жетекшісі Құрманәлі Бағиланың ұйымдастыруымен мектеп оқушыларына «БП нашақорлықтың алдын алудың тиімді жолдарын ұсынады» дебат ойыны өткізілді. Оқушылардың қысқы каникул күндеріндегі іс - шара жоспарына сәйкес қолөнер бұйымдарын жасауға баулу мақсатында Тәке Бақыткүл ұйымдастыруымен жұмыстар жүргізілді. Пән мұғалімі. Қысқы каникул күндеріндегі жоспарға сәйкес 2025 жылдың 08 қаңтар күні жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. II оқу тоқсанын қорытындылау, оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата -аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстың күн тәртібінде оқушылардың II оқу тоқсанындағы білім сапасы, оқушылардың қыс мезгіліндегі су, мұз, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандардың түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілісін жүрмеу, құқық бұзушылық, нашақорлық, буллинг, кибербуллинг, лудомания, зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері айтылды.

Қаңтар айы.Құндылық:«Заң және тәртіп» айы бойынша Дәйек сөзі: I апта «Талап бар жерде, тәртіп бар» II апта «Тәртіп-тәрбие бастауы» III апта «Әділ заң-аспан тірегі» IV апта «Тәртіпсіз ел болмайды»28- 31 қаңтар күндері Мектеп қызметкерлері жасөспірімдер арасындағы қылмысты ескерту және оның алдын алу, кешкі және түнгі уақытта кәмелет жасқа толмағандардың арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, қол сұғушылыққа жол бермеу мақсатында «Түнгі қаладағы балалар» жедел профилактикалық шарасы барысында түнгі рейд жұмыстары жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 23 қаңтар күні 8-10 сыныптар арасында МДТЖЖО: А. Тулебаеваның ұйымдастыруымен «Мамандықтар марафоны» тақырыбында байқау өткізілді. Байқауға 12 оқушы қатысып, бақ сынады. Мектеп директорының бейіндік оқыту, ғылыми- әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары Н. Құрманәлі қазылық жасады, сонымен қатар түсіндірме жұмысын жүргізді. Қатысқан оқушылар дүйсенбі күнгі лездемеде марапатталды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сынып жетекшілер сыныптарына "Буллингтен қорған!" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларға қауіпсіздік сабағы бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бойларындағы адами қасиеттерді сақтауға, әдепті, тәртіпті болуға шақырды. Мектеп кітапханасында Қазақстан суретшілер Одағының мүшесі, халықтың тұңғыш кәсіби суретшісі, Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл толуына орай 4-6 сынып оқушылар арасында "Мен суретші боламын" атты жас суретшілер байқауы өткізілді. Әбілхан Қастеев атамyzдың өмірі мен шығармашылығына библиографиялық шолу жасалып, кітап бұрышы ұйымдастырылды. Қатысқан оқушыларға дипломдар мен алғыс хаттары берілді.Кітапханашы: Ж. Байқазақ. «Әншуақ» қазақ тіліндегі балалар әндерінің республикалық фестивалі жоспары бойынша ән - әуез пәнінің мұғалімі Исалда Зағира 2-3 сынып оқушылары арасында "Бала дауысы" байқауы өткізілді. Байқауға әр сыныптан оқушылар қатысып, өз өнерлерін көрсетті. 20 қаңтар күні тәлімгер Ж. Ерішова 4- сынып оқушыларына «Көңілді үзіліс» өткізді. 5 «а» сыныбына сынып жетекшісі: Г.Алпысбай тәрбие сағаты бойынша қауіпсіздік сабағын өткізді. 20-24 қаңтар аралығында 1-11 сыныптарға сынып жетекшілер «Буллингтен қорған» тақырыбында тәрбие сағатын және 10 минуттық қауіпсіздік сабақтарын өткізді.«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Мектеп Парламент мүшелері "Ұлттық домино" атты "Көңілді үзіліс" ұйымдастырып өткізді. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында Мектеп Парламент мүшелері "Сұр мерген"атты"Көңілді үзіліс" ұйымдастырып өткізді.«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес Мектеп Парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен 8-9 сынып оқушыларымен «Біз –сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында адалдық сағаты өткізілді. Мектепте кәсіби бағдар беру мақсатында 17 қаңтар күні Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Мамандық таңдау – болашақты таңдау» тақырыбында студенттермен кездесу кеші өткізілді. Кеш барысында мектеп директорының бейіндік оқыту, ғылыми- әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары Н. Құрманәлі мен директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: А. Тулебаева қатысып, түлектерге сәттілік тіледі. Кездесу кешінде студенттер мен оқушылар болашақ мамандық таңдаудың ерекшеліктері туралы өзара пікір алмасып, ой бөлісті. Мектеп бойынша 2025 жылдың 13-17 қаңтар аралығында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес 1-11 сынып оқушыларына сынып жетекшілері «Біз –сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында сынып сағаттары және қауіпсіздік сабағын өткізді. Мектептің білім

алушылары дүйсенбі сайын II ауысымда да бірінші сабақта әрдайым Әнұран орындайды. 13 қаңтар күні дүйсенбі сайын өткізілетін лездемеде ДТЖЖО: А. Тулебаева қысқы каникулда жетістікке жеткен оқушыларды марапаттады. Лездемеде Әнұран орындалды. Білім алушыларға III тоқсанда атқарылатын жұмыстар, құндылықпен дәйексөздер таныстырылды. Сонымен қатар мектеп ережесінің орындалуы, буллинг, кибербуллинг, лудомания. «111» байланысы туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді. 13 қаңтар күні қыздар ұйымының жылдық жоспарына сәйкес «Тазалық тәртіп-басты талап» тақырыбында кезекті қыздар жиналысы өткізілді. Қыздар жиналысын қыздар ұйымының төрайымы И.Әбдіразақ, ДТЖЖО:А. Тулебаева және мектеп мейіркеші: Г. Әли өткізді. 9 қаңтар күні 8-11 сыныптың ұлдарына кезекті жиналыс өткізілді. Ұлдар жиналысын ДТЖЖО:А. Тулебаева және мектеп мейіркеші: Г. Әли өткізді. Жиналыс барысында II тоқсандағы сабақ үлгерімі, тазалығы, тәртібі туралы айтылды. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасының жоспарына сәйкес ұйымдастырушы педагог М. Ахметованың ұйымдастыруымен 8-10 сынып оқушылары арасында «Кәсіпті тану-өзіңді тану» тақырыбында эссе байқауы өткізілді. 8 қаңтар күні педагог-психолог Әлсейітова Гүлданай ата-аналарға буллинг, кибербуллинг және лудоманияның алдын алу мақсатында түсіндірме жұмысын жүргізді. Жұмыс барысында жаттығу орындалып, сұрақтарға жауап алынды. Ата-ана пікірі тыңдалды. 05 қаңтар күні сынып жетекшілер бірлестігінің үшінші отырысы болып өтті. II оқу тоқсаны бойынша Біртұтас тәрбие жоспарының орындалуы; «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы туралы; Құқық бұзушылықтың алдын алу— бағытындағы жұмыстар туралы МДТЖЖО: А. Тулебаева мәлімдеме жасады. Мектеп қызметкерлерінің ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасындағы қылмысты ескерту және оның алдын алу, кешкі және түнгі уақытта кәмелет жасқа толмағандардың арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Түнгі қаладағы балалар» жедел профилактикалық шарасы барысында түнгі рейд жұмыстары жүргізілді.

Ақпан айы. Құндылық: «Жасампаздық және жаңашылдық» айы бойынша Дәйек сөзі: I апта «Жасампаздық-бәрімізге өнеге» II апта «Шығармашыл бала-ойлы бала» III апта «Өнерлі бала өрге жүзер» IV апта «Жаңашылдық – заман талабы» 2025 жылдың 27-31 қаңтар аралығында бүкіл республика бойынша бір мезгілде челлендж өткізілді. Осыған байланысты мектебімізде «Есірткіге жол жоқ!» челлендж аясында әр түрлі іс-шаралар өткізілді. Челлендж аяқталғаннан кейін 31 қаңтар күні I ауысымдағы оқушыларға «Есірткіге жол жоқ!» флешмобы өткізілді. Білім алушылар арасында "Есірткіге жол жоқ!" постерлері таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Мектеп парламенті» жетекшісінің ұйымдастыруымен 10 сыныпта есірткіге қарсы пікірсайыс өтті. 4- ақпан – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні қарсаңында информатика пәнінің мұғалімі Бимырза Жазира 11 –сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мектеп кітапханасында "Балалар кітапханасы " жобасы аясында 8-сынып оқушылары арасында "МАҚАЛ СӨЗДІҢ АЗЫҒЫ-ЖҰМБАҚ ОЙДЫҢ ҚАЗЫҒЫ" атты мақал-мәтел, жұмбақ айту сайысы өткізілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес 3-7 ақпан аралығында 1-11 сыныптың сынып жетекшілері «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» қауіпсіздік сабағын өткізді. 5- ақпан күні «Дарын» дебат клубының мүшелерінің ұйымдастыруымен 8 сынып оқушылары арасында «Аргумент дегеніміз не? Аргументті қалай құрастырамыз?» тақырыбында түсіндірме сабақ өткізілді. 20 ақпан күні дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ділімбетов Әнес ұйымдастыруымен «Деструктивті діни ағымдар идеологиясына қарсы тұрақты иммунитет» қалыптастыру жөніндегі іс-шара жоспарына сәйкес салауатты өмір салтын қалыптастырып, оқушылардың денсаулығын нығайту мақсатында 10-11 сынып оқушылары арасында футбол жарысы өткізілді. 17-ақпан күні 8-11-сынып оқушыларына Қазалы АПБ-нің кезекші бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Бегалиева Мархаббат және жергілікті учаскелік полиция инспекторы Ниеталиев Руслан Қонысбайұлы қатысуымен кездесу өткізілді. Оқушыларға құқықбұзушылық, интернеттегі алаяқтық, буллинг жөнінде ақпараттар берілді. Жасөспірімдерге беймезгіл жүрістің салдары туралы түсіндірілді. 14 ақпан - Халықаралық кітап сыйлау күніне орай " Балалар кітапханасы" бағдарламасы, "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында өткізілген "Шын жүректен кітап сыйла" акциясы - челленджіне мектеп оқушылары белсене қатысып, кітапханаға әр түрлі жанрдағы кітаптарды сыйға тартты . Ата-аналар қауымына кезекті педагогикалық қолдау сабағын «Балаңыз төтенше жағдайға дайын ба?» атты тақырыпта 9 сыныптың сынып жетекшісі Ахметова Мөлдір өткізді. 28 ақпан күні «Дарын» дебат клубының ұйымдастыруымен «Лудомания болашақтың дерті» тақырыбында пікірсайыс өткізілді.

Дарын" дебат клубының мүшелері:Қыдарбай Арай 7-сынып оқушысы; Қайырлап Нұрсұлтан 10-сынып оқушысы; Оңғарбай Ақнұр 10-сынып оқушысы. Мектепшілік дебатта жеңіске жетіп, аудандық кезеңге жолдама алды.

Наурыз айы.Құндылық: «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы бойынша

Дәйек сөзі:І апта «Патриотизм-ата-ананды құрметтей білуің...»ІІ апта «Тәуелсіздік-тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»ІІІ апта «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»ІV апта «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»

24-28 ақпан аралығында 1-наурыз – «Алғыс айту» күні және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні мейрамын атап өтуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 1-11 сыныптар сынып сағаттарын өткізді. 5 «а» сыныбына сынып жетекшісі: Алпысбай Гүлсая; 4 «б» сыныбына сынып жетекшісі: Кәрібай Гүлбану 1-наурыз – «Алғыс айту» күніне байланысты сынып сағаттарын өткізді. 24-28 ақпан аралығында 1-наурыз – «Алғыс айту» күні және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні мейрамын атап өтуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 1-11 сыныптар сынып сағаттарын өткізді. 4 - наурыз күні «Діни экстремизмнің алдын алу жолдары» тақырыбында Әбдіразақ Индира 11-сыныпқа және Ершова Жанар 9 - сыныпқа танымдық сағаттар өткізді. 3-7 наурыз аралығында 1-11 сыныптың сынып жетекшілері сыныптарына 8-наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай жасалған іс-шара жоспарына сәйкес 8 «б» сыныбына сынып жетекшісі: М. Ахметова, 9 «б» сыныбына сынып жетекшісі: Ш. Қалиева тәрбие сағаттарын өткізді. 6-наурыз күні жоғары сынып оқушыларына дене шынықтыру пәнінің мұғалімі: А. Қожаниязовтың ұйымдастыруымен волейбол жарысы және «Діни экстремизмнің алдын алу жолдары» тақырыбында Сердалы Қалдыгүл 10 - сыныпқа танымдық сағат өткізді 14 наурыз күні ұйымдастырушы педагог М. Ахметова "Көрісу күні -амал мерекесі"атты іс-шара өтті. 16 наурыз күні Шаңырақ күніне орай 6 «а» сыныбына сынып жетекшісі: Баймусаева Айнұр «Наурыз-жыл басы» атты тәрбие сағатын өткізді. 17 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай 9 «а» сыныбына сынып жетекшісі: Ершова Жанар «Наурыз-жыл басы» атты тәрбие сағатын өткізді. Наурызнаманың онкүндігі аясында 18 наурыз – Ұлттық киім күніне мектеп ұжымы және 9 «а» сыныбының сынып жетекшісі Ж. Ершованың ұйымдастыруымен 18 наурыз – Ұлттық киім күніне сыныбымен бірге өз үлестерін қосты. 8-сынып оқушыларына тарих пәнінің мұғалімі И. Әбдіразақ ұйымдастыруымен «Діннің тарихы комикстерде» тақырыбында дін тарихын түсінікті әрі қызықты түрде жеткізу үшін комикстер форматында ақпарат ұсынды.Бұл сабақ – дін тарихын тереңірек түсінуге, сын тұрғысынан ойлауға және ақпаратты талдауға дағдыландыратын пайдалы тәжірибе болды. 15 наурыз – Қайырымдылық күніне орай №94 орта мектеп оқушылары ауылымызда ең үлкен қарт кісінің ауласын тазалап, отын сындырып, қол көмек көрсетті. 22-наурыз мерекесіне орай 1-сыныптың сынып жетекшісі: Нұрым Анаркүл, 3 «а» сыныбына Өмірзақ Шынар, 9 «а» сыныбына Қалиева Шаттық «Наурыз - жыл басы» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. 19 наурыз – Жаңару күні жаңғыру мен жаңартудың бастауы күніне орай мектебіміздің техникалық қызметкерлері де ауланы тазалап, тал егіп, ағаштардың түбін әктеп өз үлестерін қосты. Мектеп мейіркеші Абатова Жанар мектеп оқушыларына «Туберкулезден қалай сақтануға болады?»; «Туберкулезді жеңейік» тақырыптарында түсіндірме жұмысын өткізді, диктант алды. Республикалық «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі 20 наурызда сағат 11:00-де "Наурызнама" онкүндігі тұжырымдамасы шеңберінде қазақтың мәдениеті өнерімен ұлттық құндылықтарын кеңінен насихаттау мақсатында домбыраның сырлы әуені шарықтады! Наурыз мерекесі қарсаңында еліміздің мектеп оқушыларын, педагогтерін және ата-аналарын біріктіретін ерекше музыкалық челлендж өткізілді. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асырудың кешенді тәсілі шеңберінде каникул күндерінде балалардың бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында ауыл клубында "Менің атым-Қожа" көркем фильмі,"Алтын адам" анимациялық фильмі көрсетілді №748 санды хатына сәйкес облыс әкімінің жұлдесіне арналған «Сыр лигасы» жобасы аясында 2 сәуір күні «Ана тілі аруы» аймақтық қыз сыны байқауы ұйымдастырылды. Байқауға №190,№94,№24,№88 мектептерден қатысты. Қазылар алқасының шешімімен Әділбек Несібелі аудандық кезеңге жолдама алды. «Әдебиет әлемінде көктем самалы»тақырыбында іс - шаралар өткізілді.«Сүйікті кітаптар» – отбасымен кітап оқу «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі» КММ, Қызылорда облысының білім басқармасы КММ-нің 2025 жылғы 27-наурыз күнгі №07-16/1429 санды хатының тапсырмасына сәйкес, аудан көлеміндегі су айдындарының

аумағында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және терезеден құлауының алдын алу мәселелері бойынша ата-аналар жиналысы өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. кезекті ата-аналарды педагогикалық қолдау сабағын 8-сыныптың сынып жетекшісі: Ахметова Мөлдір өткізді. Сонымен қатар III тоқсанның қорытындысы ата-аналарға таныстырылды. МДТЖЖО: А. Тулебаева балалардың қауіпсіздігін сақтауды ата-аналарға ескертіп, түсіндірме жұмысын жүргізді.

Сәуір айы. Құндылық: «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы бойынша Дәйек сөзі: I апта «Еңбек-қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап.» II апта «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.» III апта «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар» IV апта «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»

Көктемгі каникул кезіндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 9-сынып оқушысы әрі мектеп парламентінің президенті Н.Қайырлап «Кітаптың сыры: Негізгі ойды тап» тапсырмасы бойынша өзінің бейнеролигін жасады. Қызылорда облыстық білім басқармасы іс-шара жоспарының 18-тармағы бойынша “Қазақстан экологиясының жақсартуға мен қандай үлес қосамын” атты экологиялық тақырыптағы эсселер конкурсы оқушылар арасында өткізілді. Мектеп психологы Г.Әлсейітова, мектеп мейіркеші Г. Әли, мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Тулебаева ұйымдастыруымен 8-11 сынып қыз балаларына арналған кезекті жиналыс өткізілді. 9 сәуір күні мектеп психологы Г.Қожахмет, мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Сейтованың ұйымдастыруымен 8-11 сынып ұл балаларына арналған жиналыс өткізілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес оқушыларға буллингтің түрлері мен себеп салдарын түсіндіру арқылы, оған қарсы тұрудың жолдарын үйрету және достық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал ету, сенімсіз және күмәнді жағдайларды ажырата білу қабілетін дамыту және қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру мақсатында 1-11 сынып оқушыларына тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 2025 жылдың 13- сәуір күні 9 «б» сыныбына Аралбаев Алмат «Буллингтен қорған!» тақырыбында өткізген сынып сағатын өткізді. 14-18 сәуір аралығында «Психология – ғажайып әлемі» тақырыбында бірлескен апталық өткізілді. Апталық аясында түрлі жұмыстар жүргізілді. 14-18 сәуір аралығындағы «Психология – ғажайып әлемі» тақырыбындағы бірлескен апталық аясында «Қамқорлық-қайырымды іс» акциясын әлеуметтік педагог Б. Тәке ұйымдастыруымен өткізілді. Мектеп оқушысы қажетті құрал – жабдықпен қамтамасыз етілді. «Жасыл мектеп» жобасы аясында «Жасыл желек-жан рахаты» атты тақырыпта бітіруші түлектердің қатысуымен ағаш отырғызу членджі өткізілді. 21 сәуір күні апталықты қорытындылау мақсатында дүйсенбі сайын болатын лездемеде ДТЖЖО: А. Тулебаева апталыққа белсене араласқан оқушыларды марапаттады. 2025 жылдың 10 сәуір – 06 мамыр күндері аудан бойынша «Жасөспірім» жедел профилактикалық іс – шарасы өткізілді. Ата-аналар комитетінің төрағасы Бәлкеев Мұратбек профилактикалық іс-шараға белсене араласуға шақырды. 9 сәуір күні 1- сынып оқушыларына сынып жетекшісі Тоқтабаева Мерует «Денсаулық және дұрыс тамақтану» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес оқушыларға буллингтің түрлері мен себеп салдарын түсіндіру арқылы, оған қарсы тұрудың жолдарын үйрету және достық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал ету, сенімсіз және күмәнді жағдайларды ажырата білу қабілетін дамыту және қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру мақсатында 1-11 сынып оқушыларына тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 2025 жылдың 17- сәуір күні 2 «б» сыныбына сынып жетекшісі: А. Нұрым мен 10 сынып оқушыларына сынып жетекшісі: Қ.Сердалиеваның «Буллингтен қорған!» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Төтенше жағдайлар бойынша тәжірибелік жаттығулар оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайдан қорғалуын жетілдіру, төтенше жағдай туындаған кезде шұғыл көшіруге дайын болуға үйрету мақсатында 17 сәуір күні I ауысымда мектеп директоры Ә. Садиров оқу жаттығу дайындық сабағын және түсіндірме жұмысын өткізді. Мектеп ұжымы мен оқушылар түгел белсене қатысты. Дайындық сабағы өз деңгейінде өткізілді. Мектеп кітапханасында 23 сәуір Ұлттық кітап күніне орай "Кітап - мәңгілік мұра " атты бастауыш сынып оқушылары арасында ертеңгілік өткізілді. 29-сәуір күні Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес оқушыларды адамгершілікке, отанын сүюге, оны қорғауға баулу, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық тәрбие беру, Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту, үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды

қадірлеуге тәрбиелеу мақсатында Ұлы Жеңіске арналған «Теңдесі жоқ, тарихи Жеңіс!» атты тақырыпта «Майдангерлер», «Қасым», «28 панфиловшылар», «Сталинград» патриоттық фильмдер көрсетілімі ұйымдастырылды. 2025 жыл еліміздің «Жұмысшы мамандықтар» жылы болып аталуына байланысты және мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында 9-сынып оқушыларын 30 сәуір күні Әйтеке би кентіндегі жеке кәсіпкер Игілікөв Төребек мырзаның басшылығымен жұмыс жасап жатқан балық зауытына экскурсия жасап қайтты. Ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмысының кезекті сабағы өткізілді. Болашаққа ұмтылу: Балаңызға өз әлеуетіне жетуге қалай көмектесуге болады? Осы сұрақтар, тақырыптар төңірегінде мектеп директорының бейіндік оқыту, ғылыми әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары: Н. Құрманәлі ұйымдастыруымен жоғары сыныптың ата-аналарымен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мамыр айы. Құндылық: «Бірлік және ынтымақ» айыбойынша Дәйек сөзі: I апта «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ» II апта «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күннің жоқ» III апта «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек» IV апта «Тату елге татулық пен тоқшылық нәсіп» 1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес 1-11 сыныптарға сынып жетекшілері “ Біз әртүрліміз, бір теңбіз” тақырыбында сынып сағаттарын және қауіпсіздік сабақтарын 7 «а»-сыныбының сынып жетекшісі А. Пірімжар, 8-сыныптың сынып жетекшісі Ж. Ерішова, 3 «а»-сыныбының сынып жетекшісі Ш. Өмірзақ сыныптарына өткізді. Мектеп кітапханасында "1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі" күніне орай кітап көрмесі және таным сағаты ұйымдастырылды. Өн-әуез пәнінің мұғалімі З. Исалда ұйымдастыруымен білім алушылар арасында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер байқауы өткізілді. 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні" мерекесі қарсаңында ұжымымыздағы ер-азаматтарға сый-құрмет көрсетіліп, оқушылар мерекелік шашу тарту етті. Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ұлы Жеңіс ұмытылмайды» тақырыбында барлық сыныпта сынып сағаттары өткізілді. Мектебімізде Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты іс-шара жоспарына сәйкес бастауыш сынып оқушыларына «Ұлы Жеңіске мың тағзым» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Кәсіби бағдар беру мақсатында ауданымыздың іргелі оқу орны Қазалы гуманитарлық- техникалық колледж мамандары және 9-10-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Оқушылар колледждің мамандықтары туралы мәлімет алды. Колледж мұғалімдері мамандықтар бойынша, негізгі орта білім 9-сынып күндізгі бөлімге, ал жалпы орта білім (11) негізінде күндізгі және сырттай бөлімдерге құжаттар қабылданатыны туралы түсініктеме жасады. Кездесу соңында оқушылар сұрақтар қойып, толық жауаптарын алды. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге орай республикалық қайырымдылық акцияларын өткізу тұжырымдама аясында және іс – шаралар жоспарына сәйкес 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған «Майдангерлер ұрпағымыз» атты тақырыпта мектеп тәлімгері Ж. Ерішованың ұйымдастыруымен лездемеде мерекелік салтанатты шара өткізілді. 8 мамыр күні мектеп тәлімгері Ж. Ерішованың ұйымдастыруымен «Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран!» тақырыбында мектеп парламенті мүшелері тыл ардагерлерге алғыстарын білдірді. 15 - мамыр – Халықаралық отбасы күні мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шаралар аясында білім алушылар арасында «Отбасы-бақыт мекені!» тақырыбында флешмоб өткізілді. 29 мамыр күні білім алушыларға "Балалардың қауіпсіздігі – басты назарда" тақырыбында танымдық іс-шара өткізілді. Учаскелік полиция қызметкері Ниеталиев Руслан мектебіміздегі ҚЖИ – бірлесе отырып түсіндірме жұмысын жүргізді. 12-31 мамыр аралығында «Ата-ана міндеті – бала тәрбиесі» акциясы қарсаңында мектепте жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Соның бірін бастауыш пәнінің мұғалімі: Нұрым Анаркүл 1 – сыныптың ата-аналарына «Отбасы-бақыт мекені!» тақырыбында тренингтер өткізді. Ата-аналар тренингке белсене қатысты. Жиналыста мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тулебаева Аралкүл баланың тәрбиесіне бірінші кезекте ата-ана жауапты екенін және алдағы жазғы каникул күндері балаларының қауіпсіздігін қатаң қадағалауды ескертті. Апта сайын болатын лездемеде мектеп директоры: Ә. Садиров қатысып, оқушыларға алдағы ҰБТ тапсыратын түлектерге және емтихан тапсыратын оқушыларға сәттілік тіледі. Алдағы жазғы каникул кезіндегі қауіпсіздікті қатаң сақтау керек екенін ескертті. 12-20 мамыр аралығында Білім алушыларға сынып жетекшілер және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Таза - Қазақстан», «Заң және тәртіп», «Адал

азамат» тақырыптық бағыттарына эссе байқауы өткізілді. 23 мамыр күні мектеп бітіруші түлектерге арналған «Мектебім саған, мың алғыс!» атты мерекелік шарасы өткізілді. Мерекелік шараны мектеп директоры Мархабат Қаниев ашып, жетістікке жеткен мұғалімдер мен түлектерді марапаттады. Сөз кезегін Аранды ауылдық округінің әкімі Қайруллаев Мәулен, учаскелік полиция қызметкері Ниеталев Руслан, биылғы түлектерді өмірге қанаттандырған алғашқы ұстаздары Избасар Жеңіскүл, Өмірзақ Шынар, сынып жетекшілері Тоқмамбет Тұрсенкүл жалғастырып, ыстық лебіздерін білдіріп, алдағы ҰБТ-ға сәттілік тіледі. 1-10 сыныптарда сынып жетекшілер білім алушыларға «Білімім-Отаныма» атты тақырыпта бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. 1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Қазақстан балалары» ұлттық науқаны өткізілді. 2025 жылы 22 мамыр күні мектеп оқушылары «Әкем-тірегім, анам-жүрегім» атты тақырыпта өз бейнеролик жасап ұсынды.

Бағалау нәтижесі: 2025-2026 оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие

бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы

(№194, 30.07.2024)2-қосымшасына сәйкес

(ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123 бұйрығымен толықтырулар, өзгертулер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)

«Адал азамат» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:

Құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани- **Бағдарламаның мақсаты:**

Қазақстандық мәдениет адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;

Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдерін қамтамасыз ету;

Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаны іске асыру тетіктері:

Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын көздейтін біртұтас тәсілдеме

Білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, вариативтік бағдарламаларды әзірлеу. Сынып-кураторлық жүйе шеңберінде құндылықтарды қалыптастыру, яғни сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар. Бағдарламаның құндылық бағдарларына сәйкес жалпы іс-шаралардың мазмұнын кеңейту. Тәрбие процесіне отбасы мен қоғамдық ұйымдарды тарту. Бағдарламаны іске асыруды тұрақты

ішкі бақылау және тиімділігін бағалау.

IV. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Бастауыш мектеп түлегі: мемлекеттік тілді білу және құрметтеу; мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту; дәстүрлерді сақтау және құрметтеу; отбасының құндылығын түсіну; тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту; қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну; ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну; мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау; мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу; отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық; Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі: командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету; өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету; басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу; бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру; тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Жалпы орта мектеп түлегі: әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану; ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау; басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну; қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау; мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Жалпы орта мектеп түлегі: нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу; әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу; қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану; белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету; тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі: өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау; қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау; педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау; кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау; моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану; тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі: мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу; өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану; отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау; нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу; өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Жалпы орта мектеп түлегі: тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы; өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау; нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу; еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну; дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық
Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі: қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу; жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу; инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру; жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу; өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Жалпы орта мектеп түлегі:

зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;
ақпаратты талдау және бағалау;
жаңа идеяларды ұсыну;
заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;
мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Қыркүйек айы 1 қыркүйек-Білім күніне орай 1 және 11 сынып оқушыларына «Мектеп -мейірім мекені» салтанатты жиын өткізілді. 2 қазан күні «Менің -Отаным Қазақстан» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. 5 қазан күні 5-11 сыныптар арасында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. 5-11 сыныптар арасында «Ана тілім тірегім», «Тілім менің баға жетпес байлығым» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. 8 қыркүйек күні 1-7 сыныптар арасында «Жолда жүру ережелерін білесіңбе?» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 8-12 қыркүйек аралығында «Отбасы күні» мерекесіне орай «Бақытты отбасы -берекелі ел» тақырыбында апталықта 1-4 сыныптар «Отбасы – бақыт мекені», 5-11 сыныптар «Отбасым мақтанышым» тақырыптарында сынып сағаттар өткізілді. 29 қазан «Абай мұрасына саяхат» Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына-180 жыл толуына орай 9 қыркүйек күні кітапханшы Ж. Байқазақ «Абай әлемі» кітап бұрышын әзірлеп, оқушыларға таныстырды. 12 қыркүйек күні «Абай мұрасы-мәңгілік» Абай шығармаларын жатқа оқудан педагогтер арасында челлендж өткізілді. 15 қазан күні 5-7 сыныптар арасында «Әсемпаз болма әрнеге» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. 18 қыркүйек күні 5-11 сыныптар арасында «Абай-дана, Абай-дара қазақта» тақырыбында қабырға газеті көрмесі өткізілді. 24 қыркүйек күні «Сенде бір кірпіш дүниеге...» тақырыбы жазба ақындар сайысы өткізілді. 25 қыркүйек күні «Абай әлеміне саяхат» әдеби танымдық кеш өткізілді. 27 қыркүйек күні 8-11 сыныптарға Кәмілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде профилактикалық шаралар өткізілді.

Қазан айының 1 қазан-Қарттар күні мен 5- қазан Ұстаздар күніне орай «Ұстазым, ұлағатым, үлгі-өнегем» атты ардагер ұстаздарға арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Мектеп директоры Садиров Әділхан құттықтау сөз сөйлеп, ашып берді. Мектеп оқушылары ән айтып, би билеп, өз өнерлерін ортаға салды. Ардагерлер өздеріне құрмет көрсетіп жатқан оқушыларға, ұжымға ризашылықтарын білдірді. 5-қазан күні ұстаздар күніне орай 1-11 сыныптарда «Ұстазым менің ұстазым», «Ұстазым ұлы тұлға» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. 10қазан 1-11сыныптар арасында «Күзгі асар» жәрмеңкесі өткізілді.

«Оқуға құштар ұлт, оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар

2023-2024 атқарылған жұмыстың есебі.

Қыркүйек айында мектеп кітапханасында кітапхананың жұмыс күнделігін толтыру формуляр толтыру. Библиографиялық анықтамаларды есепке алу жуналдарына тіркеу. Қыркүйек айында жүргізілді.

Кітапхананың жұмыс күнделігін толтыру. Әр айдың соңында айлық қортындысын есептеу жыл бойы жүргізілді.

Қыркүйек айында мұғалімдерге жаңа оқу жылында келіп түскен әдістемелік нұсқаулықтар мен электронды нұсқада бұрыш ұйымдастыру. Баспасөз бетін қадағалау. Журналдар мен газеттер туралы хабардар беру. Жыл бойы

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында әдеби және ертегі кітаптарға көмесін жасау. Оқырмандарға таныстыру, насихаттау жұмыстарын жүргізу 1-4 сыныптар мен кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты Оқушыларға әдеби ертегі кітаптарға қызығушылығын арттыру.

1-4 сыныптармен .Ыбырай Алтынсарин «Кел балалар оқылық» атты кітапханаға саяхат жасалды.

Мақсаты; Білім алушыларға оқу -білімнің маңызын көрсету – білім арқылы адамның өмірін жақсартатынын түсіндіру. Жас ұрпақты сауатты, өнерлі, пайдалы азамат болуға шақыру.

«Тіл туралы толғамдар» А Байтұрсынұлының нақыл сөздерін оқушыларға насихаттау. 5 қыркүйек Тілдер күніне орай «Тіл ғұмыры-ұлт ғұмыры» кітап көрмесі 6-7 сыныптармен ұйымдастырылды.

Мақсаты Оқушыларға ана- тілін құрметтеу әрбір адамның өз ана тілін сүйіп, таза әрі дұрыс қолдауға тәрбиелеу.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр 1-4 сыныптар арасында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты балаларға адам өмірінің басты бағдары жақсылық жасау екенін көрсету.

Қазан айында «Кітап -сарқылмас қазына» атты пікірталас өткізілді.

«Бір отбасы – бір кітап» «Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және отаншылдық» «Менің сүйікті мектебім» «Менің алғашқы ұстазым» Республикалық онлайн акциясы өткізілді.

Мақсаты; Отбасындағы оқу мәдениетін қалыптастыру-әр отбасында кітап оқуға деген сүйіспеншілікті арттыру.

Қазан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сыныптармен ертегі кітаптар оқу 1-4 сыныптармен ертегі кітап оқу сайысы өткізілді.

Мақсаты оқушыларды ертегілерге қызықтыру, арқылы кітап оқуға баулу.

Қазан айында «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстан» атты оқушылармен кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қазан айында «Жақұты барға жасын түспейді» 10-11 сыныптармен пікірталас ұйымдастырылды.

Мақсаты; Мағжан Жұмабаев туралы өмірі мен шығармаларын оқушыларға таныстыру. Оқушыларды әдебиетке, сүйіспеншілікке баулу, мәнерлеп оқуға үйрету.

Қазан айында «оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жазушы Оралхан Бөкеевке 80 жылдығына орай шығармаларынан дөңгелек стөл өткізілді.

Мақсаты Оқушыларға жазушының өмірі мен шығармашылық мұрасын таныстыру, оның көркемдік шеберлігі мен идеялық- рухани әлемін таныстыру.

Қараша тайында «Білгеніңмен бөліс» жобасы Көшпелі кітапханамен жарнама жасау жоба бойынша 5-9 сыныптармен ұйымдастырылды.

Қараша айында «Тазалық- денсаулық кепілі» оқушылармен пікірталас өткізілді. Мақсаты Оқушыларға денсаулық-зор байлық екенін ұғындыру насихаттау- дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану, тазалық сақтауға үйрету.

Желтоқсан айында «Алаш жолы» 5-9 сыныптар мен шығармашылық оқу сайысы өткізілді. Мақсаты Алаш қозғалысының тарихын, идеяларын және тұлғаларын таныстыру.

Желтоқсан айында «Желтоқсан-тәуелсіздік бастауы» атты кітап көрмесі өтті. Мақсаты Тәуелсіздік тарихын таныстыру-елдің азаттыққа жету жолындағы күрескен,батыр бабалардың ерлігін түсіндіру.

Желтоқсан айында «Жыр алыбы-Жамбыл» кітап көрмесі өткізілді. Мақсаты; Жамбыл Жабаеттың өмірі мен шығармалары арқылы оқушыларды поэзияны сүйуге, отанды құрметтеуге , халық рухын бағалауға тәрбиелеу.

Ақпан айында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Қазақ даласының ұлытұлғалары» атты 1-11 сыныптар мен сынып сағатты өтті. Мақсаты Оқушыларға тарихи және мәдени тұлғаларды таныстыру.

Ақпан айында Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Сүйікті кітабым» көрмесі 1-11 сыныптар мен Челлендж ұйыдастырылды.

Мақсаты Оқушыларды кітап оқуға тарту, оқуға деген қызығушылықты арттыру.

Наурыз айында «Туған өлке- тұнған шежіре» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты.Оқушыларды өз туған жеріне деген сүйіспеншілікке, тарихи және мәдени мұрасын бағалауға тәрбиелеу.

Наурыз айында «Мың алғыс сізге оқырман» 1-наурыз Алғыс айту күніне Челлендж ұйымдастырылды.

2- сәуір -халықаралық балалар кітабы күні бастауыш сынып оқушыларына «Балалар өмірі – сиқырлы әлем 1-4 сыныптар мен пікірталас өткізілді.

Мақсаты Балалардың қиялы мен шығармашылығын дамыту, өмірге және қоршаған әлемге деген қызығушылығын арттыру.

Мамыр айында «Ең үздік оқырман» байқауы ұйымдастырылып жылдың үздік оқырманы анықталды.

2024-2025 атқарылған жұмыстың есебі.

Тамыз, қыркүйек айында «Кітап – білім бұлағы» барлық сыныптарға оқулықтар таратылды.Мақсаты: Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету.

5- қыркүйек Тілдер күніне орай 5-11 сыныптар аралығында «Тіл ғұмыры – ұлт ғұмыры» атты кітап көрмесі өткізілді. Білімалушылар белсенді қатысты.

Мақсаты: Оқушыларға ана тілін білудің маңызы жайлы айту, ана тілін құрметтеуге баулу.

Қыркүйек айында «менің сүйікті кітабым» оқырмандар арасында кітап оқу сайысы өткізілді.Мақсаты: Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру.Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, тәрбиелеу, кітап оқуға баулу.

Қыркүйек айында «оқуға құштар мектеп» жобасы Әбілхан Қастеевтің 120ж Мақсаты Әбілхан Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру.

Қазан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Әбдіжәміл Нұрпейісовтың 100 жылдығына орай «Қан мен тер» танымдық сағаты өткізілді.Мақсаты: Шығармашылығы туралы мағлұмат беру. Оқырмандар өз ойларын толық жеткізе білу.

Қазан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларына Ертегілер еліне саяхат жасалды.1-4 сыныптар менМақсаты : Оқушыларды ертегі оқуға баулу арқылы олардың ой өрісінің кеңуіне ықпал ету. Мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту.

Қазан айында «Рәміздерім- мақтанышым» кітап оқу көрмесі өткізілді.Мақсаты: Оқырмандарды тәуелсіз елінің Рәміздерін жетік білуге баулу.

Қараша айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен және менің отбасым» қандай кітап оқиды. Мақсаты: Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру.Кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым- қатынас қалыптастыру.

Қараша айында оқулық тексеру рейд жүргізілді «Таза кітап»

Мақсаты : Оқушылардың оқулықтарын тексеру, таза ұстауға шақыру.

Желтоқсан айында Мұхамеджан Тынышбаевтың туғанына – 145 жыл 10-11 сыныптар мен кітап көрмесі, библиографиялық шолу жасалды.

Мақсаты: Ойшыл, зиялы, ірі тұлға екенін оқушыларға жеткізу

Желтоқсан айында « Салауатты өмір көтеріңкі көңіл» Интеллек туралы сайыс 5-7 сыныптар арасында өткізілді. Мақсаты: Балалардың зиянды әдеттерден сақтандыру, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағыттау.

Қаңтар айында « Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «20-минуттық кітап оқу сағаты өткізілді. Мақсаты: Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқуға ынталарын қалыптастыру.

Қаңтар айында «Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады» Дебат өткізілді.

Мақсаты: Оқушының ой- өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Ақпан айында « Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Қыз-Жібек» операсына -90 жыл кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың білімділік танымын, шығармашылық қабілетін, тілдік қорын, ізденістерін арттыру.

1-Наурыз «Алғыс айту» күні кітап көрмесі өткізілді. Мақсаты: Балалардың сыйластық құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Наурыз айында « Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абайдың қара сөзі-тәрбие көзі» 5-9 сыныптар арасында Жарыс эстафета ұйымдастырылды. Мақсаты: Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну.

1-Сәуір айында Тілендиев Нұрғиса Атабайұлына 100 жыл 5-7 сыныптар арасында дөңгелек стол өткізілді. Мақсаты : Композитор, дирижер және Қазақстанның халық артисі,. туралы оқырмандарға мәлімет беру

Сәуір айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығы 5-6 сыныптар мен әдеби кеш өткізілді.

Мақсаты: Жүсіпбек Аймауытовтың өмір баянымен таныстыру, білімі, ғылыми, еңбектері. Қоғамдық жұмысы туралы мәлімет беру.

Мамыр айында Мұқанов Сәбит Мұқанұлы. Туғанына 125 жыл қазақтың әйгілі жазушысы, ақын 7—8 сыныптар мен дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Қазақтың әйгілі жазушысы, ақынның шығармаларын таныстыру.

Мамыр айында « Бейбіт күн жасасын» даңқты батырлар Сағдат Нұрмағамбетов пен Рақым – жан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толды 6-8 сыныптар мен көрме ұйымдастырылды. Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасаты ұлтжанды азамат тәрбиелеу

Мамыр айында «Кітап- білімнің қайнар көзі» Оқулықтар мен жұмыс Мақсаты: оқушылардан оқулықтарды жинау. Маусым айында «Ерте, ерте ертеде» « Жазғы 2025» жазғы сауықтыру лагері. «Кітаппен жазғы демалыс» 1-4 сыныптар оқушылар арасында ертегі айту сайысы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылардың ертегі айту арқылы кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

2025-2026 атқарылған жұмыстың есебі.

2025-2026 оқу жылының жоспарына сәйкес қыркүйек айында жүргізілген іс-шаралар.

Қыркүйек айында 5қыркүйек тілдер мерекесіне орай мектеп кітапханасында «Ана тілің арың бұл» атты әдеби - танымдық кеш өткізілді. Мақсаты: Білімалушыларға ана тілді құрметтеуге, қазақ тілінің құндылығын ұғынуға тәрбиелеу.

Сарымырзаұлы Қорам батырдың 195 жылдығына орай «Халқына қорған болған – Қорам батыр» атты көрме болып өтті. Мақсаты: Оқушыларға Сарымырзаұлы Қорам батырдың өмірі мен ерлігін таныстыра отырып, отансүйгіштікке, тарихи тұлғаларға құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Көрмеге батыр жайлы тарихи әдебиеттер, мақалалар, деректер қойылып, 5-сынып оқушылары белсене қатысты. Іс-шара барысында оқушылар батыр туралы мәліметтермен бөлісіп, ерлік пен елдік жайлы пікір алмасты. Көрме оқушылардың тарихи сана-сезімін арттырып, елін сүйуге, ерлерді құрметтеуге ықпал етті.

1- сыныптармен "Кітапханаға саяхат" іс-шарасы ұйымдастырылды

.Мақсаты: Оқушыларға білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітап адам өміріндегі маңызды, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Кітапты сүйуге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу.

Сонымен қатар "Мен оқыған кітапты сенде оқы" Библио- кросс акциясы Жазғы каникуль кезіндегі оқыған кітаптарды жарнамалау шарасы өткізілді. Мақсаты: Кітапты оқуға деген балалардың қызығушылығын ояту. Демалыс уақытын босқа өткізбей, өзін -өзі дамытуға жұмсау қажеттігін көрсетсе 5-7 сыныптар аралығында «Менің сүйікті ертегі кітабым» кітап оқу сайысы өткізілді.

Мақсаты: Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін

ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани- тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу. Қазан айында жоспарға сәйкес түрлі шаралар жүргізілді. 6-7-9 сыныптар аралығында «Күй Анасы – Дина» атты Дина Нурпейісованың туғанына 165 жыл толуына орай танымдық сағат өткізілді. Мақсаты: Шығармашылығы туралы оқырмандар өз ойларын толық жеткізе білу. "Ыбырай Жақаевтың туғанына 135 жыл толуына орай көрме сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты Қызметі мен шығармашылығы жайындағы әдебиеттерді тауып оқуға, қазақ әдебиетінің озық туындыларын насихаттау.

"Ертегілер еліне саяхат" атты бастауыш сыныптарымен сынып сағаты ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларды ертегілерге қызықтыру арқылы кітап оқуға баулу, сөйлеу, тыңдау, ой бөлісу дағдыларын дамыту. Оқушыларды ертегі оқуға баулу арқылы олардың ой- өрісінің кеңуіне ықпал ету, қиялдау мінерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту. 25 қазан Республика күніне орай 5-6 сыныптар аралығында «Мемлекеттік рәміздер -ұлттық мақтанышымыз» атты көрме, 3-4 сыныптар аралығында республика күніне орай туған өлкеміздің ақын- жазушыларының кітаптарына шолу жасалды. Мақсаты: " Қыран елім- Қазақстан" атты шолу іс-шарасы оқушылардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттырып, жергілікті ақын- жазушылардың шығармалары арқылы ұлттық рух пен отан сүйгіштік сезімдерін нығайтты.өткізілді.

24 қазан – Кітапханашылар күні мерекесіне орай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының белсенді мүшелері мектеп кітапханашысын кәсіби мерекесімен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Іс-шара барысында жас ұландар кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы өз ойларымен бөлісіп, сүйікті кітаптары жайында әңгімеледі. Олар кітапханашыға құрмет ретінде кітап сыйлап, кітап қорын толықтыруға өз үлестерін қосты.Бұл шара оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыруға, кітапхана мен оқырман арасындағы байланысты нығайтуға бағытталды.

